

**Адамдардың бала асырап алуына, оны қамқоршылыққа (қорғаншылыққа), патронатқа алуына болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 маусымдағы N 842 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы  
№ 404 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.30 № 404 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Z980321\_ Заңының 80-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған адамдардың бала асырап алуына, оны қамқоршылыққа (қорғаншылыққа), патронатқа алуына болмайтын аурулардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 24 маусымдағы  
N 842 қаулысымен

бекітілген

Адамдардың бала асырап алуына, оны қамқоршылыққа (қорғаншылыққа), патронатқа алуына болмайтын аурулардың тізбесі

1. Адамның иммундық тапшылығын жұқтырудан алған синдромы (СПИД) және адамның иммуна тапшылығы вирусымен ауруы (ВИЧ).

2. Психикалық аурулар.

3. Маскүнемдік, нашақорлық, уытқұмарлық.

4. Туберкулез (бактерия бөлетін созылмалылығы, бактерия бөлуі алғаш рет анықталған) абацилирлеуге дейін).

5. Негізінен жыныстық жолмен берілетін аурулар (емделмеген мерез, емделмеген соз, емделмеген урогениталды хламидиоз).

6. А л а п е с .

7. Біріктіруші ткандердің бүлінуінің ауыр сырқаттары (жүйелі қызыл жегі, жүйелі склеродермия, дерматомиозит).

8. Ороговения бұзылатын ауыр дерматоздар (ихтиоздардың ауыр түрлері, ихтиозоформды эритродермия, артропатикалық псориаз).

9. Ауыр созылмалы буллезді дерматоздар (акантолитикалық көпіршік, пемфигоид, терінің ихтиозоформды зақымдануы, буллезды эпидермолиз).

10. I, II топтарға мүгедектік (қамқоршылық және қорғаншылық комиссияларының шешімі бойынша, дербес).